

## Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1845 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы N 159 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.19 N 159 Қаулысымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z0700319  
к а р а н ы з

1. Қоса беріліп отырған Жоғары кәсіптік білім берудің деңгейлі құрылымы туралы                    ереже                    бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 2 желтоқсандағы  
N 1845 қаулысымен  
бекітілген

## **Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы** **Ереже**

### **I. Жалпы ережелер**

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау мазмұны мен мерзімі жағынан мынадай түрлі оқу-кәсіптік бағдарламалар бойынша                    жүзеге                    асырылады;

бакалавриатта іске асырылатын - жоғары базалық білім;

магистратурада іске асырылатын - жоғары ғылыми-педагогикалық білім;

2. Қазақстан Республикасының жоғары кәсіби білім мамандықтарының Жіктегішін (тізбесін), жоғары кәсіби білімнің мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарды, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын, жоғары базалық білім (бакалавриат), жоғары арнаулы білім және жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ережелерді білім беру саласындағы орталық атқарушы  
организацияның бекітеді. < \* >

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1938 қаулысымен.  
Р 0 0 1 9 3 8

3. Университеттер мен академиялар білім беру саласындағы орталық атқарушы органдың келісе отырып, нақты білім бағдарламалары бойынша кадрларды даярлаудың құрылымын айқындайды.

4. Институттар мен оларға теңестірілген білім беру үйімдары мамандыққа байланысты кадрлар даярлауды жоғары базалық білім немесе жоғары арнаулы білім бағдарламалары бойынша жүзеге асырады.

## 2. Жоғары базалық білім

5. Жоғары базалық білімнің оқу-кәсіптік бағдарламалары бойынша жалпы орта немесе кәсіби орта білім негізінде Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім мамандықтары Жіктегішіне (тізбесіне) сәйкес республиканың жоғары оқу орындарының бакалавриатында 4 оқу жылы ішінде іске асырылады.

6. Жоғары базалық білімнің оқыту бағдарламалары бойынша оқу бітірген адамдарға "бакалавр" академиялық дәрежесі мен біліктілігі тағайындала отырып, жоғары білім туралы диплом беріледі.

7. Жоғары базалық білімнің оқу бағдарламалары бойынша оқу бітірген адамдардың өзіне берілген біліктілік бойынша жұмыс істеуіне немесе "магистр" біліктілігі мен академиялық дәрежесін алу үшін жоғары ғылыми-педагогикалық білімнің тиісті оқу бағдарламасы бойынша оқуды жалғастыруларына болады.

### **3. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім**

8. Жоғары ғылыми-педагогикалық білімнің оқу-кәсіптік бағдарламалары Республика жоғары оқу орындарының магистратурасында Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім мамандықтарының Жіктегішіне (тізбесіне) сәйкес жоғары базалық білім негізінде 2 оқу жылы немесе жоғары арнаулы білім негізінде 1 оқу жылы ішінде іске асырылады.

9. Жоғары ғылыми-педагогикалық білімнің оқыту бағдарламалары бойынша оқу бітірген адамдарға "магистр" академиялық дәрежесі мен біліктілігі тағайындала отырып жоғары білім туралы диплом беріледі.

10. Жоғары ғылыми-педагогикалық білімнің оқыту бағдарламалары бойынша оқу бітірген адамдардың өзіне берілген біліктілік бойынша жұмыс істеуіне немесе аспирантурада өзінің ғылыми даярлығын жалғастырына болады.

### **4. Жоғары арнаулы білім**

11. Жоғары арнаулы кәсіптік білімнің оқу-кәсіптік бағдарламалары Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім мамандықтарының Жіктегішіне (тізбесіне) сәйкес:

тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарында көзделген мамандықтар бойынша жағдайларды қоспағанда, жалпы орта білім негізінде -  
к е м і н д е                          4                          о қ у                          ж ы л ы ;

салалас мамандықтар бойынша кәсіби орта білім негізінде 3 оқу жылы ішінде  
і с к е                                  а с ы р ы л а д ы . < \* >

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - КР Үкіметінің 2000.12.29. N 1938 қаулысымен.  
Р 0 0 1 9 3 8

12. Жоғары арнаулы білімнің оқыту бағдарламалары бойынша оқу бітіргендеге нақты мамандық бойынша "жоғары кәсіби білімі бар маман" біліктілігі тағайындала отырып, жоғары білімі туралы диплом беріледі.

13. Жоғары арнаулы білім бағдарламасы бойынша оқу бітірген адамдардың өзіне берілген біліктілігі бойынша жұмыс істеуіне не белгіленген тәртіппен магистратурада немесе аспирантурада оқуын жалғастыруына болады.<\*>

Ескерту. 13-тармақ өзгерді - КР Үкіметінің 2000.12.29. N 1938 қаулысымен.  
P001938

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК